


Қашықтықтан оқу кезінде 1-4-сынып оқушыларының ата-аналарының (немесе заңды тұлғаларының) іс-әрекет алгоритмі



1. Жұмыс орнын ұйымдастыру, баланы қолдау, оның өздігінен жұмыс жасауын және бастамашылық танытуын дамыту, телеарналарда трансляцияланатын бейнесабақтар мен оқыту бейнематериалдарын балалардың көруіне жағдай жасау;

2. Техникалық жағдайларды ұйымдастыру - жеке компьютер, ноутбук, планшет, смартфонның бірінің болуы

- ғаламторға қосылуы (кең жолақты) сымды немесе сымсыз (3G немесе 4G / LTE);
- динамик пен микрофонның болуы – орнатылған немесе USB немесе сымсыз Bluetooth;
- жұмыс атмосферасының құрылуы, сабақ/оқу сабағы өтіп жатқан бөлмеде тыныштықтың сақталуы;
- веб-камераның көрсету өрісін тексеру (камераға еш артық көрініс түспеуіне көз жеткізу: отбасы мүшелері, шашылған заттар және т.б.)
- веб-камераның немесе HD веб-камераның болуы – орнатылған немесе USB/ HD-камера немесе HD-бейнекамера бейнеқармау картасымен/мобильді құрылғы (смартфон немесе планшет) iOS немесе Android-қа ғаламтор желісіне қосылған қолжетімділікпен;
- компьютер мен ғаламторды қауіпсіз пайдалану бойынша ұсыныстардың орындалуын бақылау.



3. Баланың оқу тапсырмаларын орындауына бақылауды жүзеге асыру, мұғаліммен кері байланысты дер кезінде қамтамасыз ету.

4. Мектеппен, сынып жетекшісімен, пән мұғалімдерімен байланыста болу.